

## **"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 мамырдағы N 603

1996-1998 жылдарда реформаларды тереңдету жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл жоспарына сәйкес, бәсекелестікті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының 1-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының құрамындағы 2-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қайтарып алып, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

3-қосымшаға сәйкес, акционерлік қоғамдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес таратылсын және олардың базасында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар құрсын.

"Мемлекеттік кәсіпорындар мен акциялардың мемлекеттік пакеті бар акционерлік қоғамдардың қызметін басқаруға контракт жүйесін енгізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 ақпандағы N 148 P960148\_ қаулысына орай (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 7, 40-бап) 4 қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың басшыларымен акциялардың мемлекеттік пакеттерін сенімді басқаруға контракт жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 2-қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет 3-қосымшада көрсетілген кәсіпорындардың арнайы өнімдер өндіруге, мемлекеттік тапсырысқа, жұмылдыру қуаттарына, мемлекеттік статистикалық есептілікке, еңбекті қорғау мен төтенше жағдайларға қатысты мәселелер қызметіне мемлекеттік бақылау мен реттеу функциясын жүзеге асырсын.

5. "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының президенті мен

"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 847 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 36, 420-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 15 мамырдағы  
N 603 қаулысына  
1-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттеріне "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының иелік ету, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылатын акционерлік қоғамдардың  
ТІЗБЕСІ

"Актюбрентген" АҚ, Ақтөбе қаласы  
"Машина жасау зауыты" АҚ, Алматы қаласы  
"Алматы "Электробытприбор"зауыты" АҚ, Алматы қаласы  
"Эталон" АҚ, Алматы қаласы  
"Найза" АҚ, Алматы қаласы  
"Шельф" АҚ, Атырау қаласы  
"Пархоменко атындағы зауыт" АҚ, Қарағанды қаласы  
"Тыныс" АҚ, Көкшетау қаласы  
"Көкшетау аспап жасау зауыты" АҚ, Көкшетау қаласы  
"Наука-Восток" АҚ, Көкшетау қаласы  
"Көкше" АҚ, Көкшетау қаласы  
"С.Киров атындағы зауыт ӘБ" АҚ, Петропавл қаласы  
"ЗИКСТО" АҚ, Петропавл қаласы  
"Орындаушы механизмдер зауыты" АҚ, Петропавл қаласы  
"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ, Петропавл қаласы  
"Семей машина жасау зауыты" АҚ, Семей қаласы  
"Қазақаккумулятор" АҚ, Талдықорған қаласы  
"Орал "Зенит" зауыты" АҚ, Орал қаласы  
"Орал "Металлист" зауыты" АҚ, Орал қаласы

"Омега" АҚ, Орал қаласы

"Гидроприбор "ҒЗИ" АҚ, Орал қаласы

"Өскемен пневмоавтоматика зауыты" АҚ, Өскемен қаласы

"Изумруд" ҒЗЖКИ" АҚ, Өскемен қаласы

"Өскемен конденсатор зауыты" АҚ, Өскемен қаласы

"Керамика" АҚ, Өскемен қаласы

"Қазақ радиотехника зауыты" АҚ, Алматы қаласы

<\*>

ЕСКЕРТУ. Тізбе толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.02. N 1208  
P961208\_

қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 15 мамырдағы  
N 603 қаулысына  
2-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері қолданылып жүрген  
зандарға сәйкес сатылатын акционерлік қоғамдардың  
ТІЗБЕСІ

"Найза" АҚ, Алматы қаласы

<\*>

"Пархоменко атындағы зауыт" АҚ, Қарағанды қаласы

<\*>

"Көкше" АҚ, Көкшетау қаласы

"Өскемен конденсатор зауыты" АҚ, Өскемен қаласы

"Изумруд" ҒЗЖКИ" АҚ, Өскемен қаласы

"Керамика" АҚ, Өскемен қаласы

ЕСКЕРТУ. Тізбеден сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.10.02.  
N 1208 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Тізбеден сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.06.20.

№ 997 қаулысымен.

Р970997\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 15 мамырдағы  
№ 603 қаулысына  
3-қосымша

Базасында мемлекеттік кәсіпорындар құрылатын  
акционерлік қоғамдардың  
ТІЗБЕСІ

"ЗИКСТО" АҚ, Петропавл қаласы  
"Орал "Металлист" зауыты" АҚ, Орал қаласы  
"Гидроприбор "ҒЗИ" АҚ, Орал қаласы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 15 мамырдағы  
№ 603 қаулысына  
4-қосымша

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сенімді  
басқаруға басшыларымен контракт жасалатын  
акционерлік қоғамдардың тізбесі

"Машина жасау зауыты" АҚ, Алматы қаласы  
"Орал "Зенит" зауыты" АҚ, Орал қаласы  
"Актюбрентген" АҚ, Ақтөбе қаласы  
"Алматы "Электробытприбор" зауыты" АҚ, Алматы қаласы  
"Эталон" АҚ, Алматы қаласы  
"Тыныс" АҚ, Көкшетау қаласы  
"Көкшетау аспап жасау зауыты" АҚ, Көкшетау қаласы  
"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ, Петропавл қаласы  
"Семей машина жасау зауыты" АҚ, Семей қаласы  
"Өскемен пневмоавтоматика зауыты" АҚ, Өскемен қаласы

"Киров атындағы зауыт ӨБ" АҚ, Петропавл қаласы

"Орындаушы механизмдер зауыты" АҚ, Петропавл қаласы

"Омега" АҚ, Орал қаласы

"Қазақаккумулятор" АҚ, Талдықорған қаласы

"Наука-Восток" АҚ, Көкшетау қаласы

<\*>

"Қазақ радиотехника зауыты", Алматы қаласы

<\*>

ЕСКЕРТУ. Тізбе толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.02. N 1208  
қаулысымен.

P961208\_